

Приозерное ауылының жалпы білім беретін мектебінің 2021-2022 оқу жылындағы үйірме жұмысының жылдық есебі

Үйірме сабағының тақырыбы «Атамекен» деп алып 18 сағатқа жылдық жоспар жасап директорға бекітіп, сол тақырыптық жоспар бойынша жұмыс жүргіздім. Үйірме 6-7 сынып оқушылары арасында жүргізілді. Оқушылармен жұмыс істеу барысында оқушының қабілетіне қарай сабақта тапсырмаларды орындаудағы ерекшелігі мен алғырлығы, оқу мәнері, ізденімпаздылығын бақылап отырдым. Сабақ барысында оқушылар сабаққа белсене, топпен жұмысты жасай отырып, үйірмеге деген қызығушылықтары артты. Үйірмеде балалар берілген тапсырмаларға қатыса отырып, қосымша деректер алып отырды. Топпен жұмыс жасай отырып, оқушылар еркін сөйлеп, өз ойларын еркін жеткізе білді. Үйірме жұмысы жоспар бойынша өткізілді. Бірінші тоқсанда қазақ халқының ойындарымен таныстырылды, олардың мәнін білу, оның баланың дамуындағы маңызын ашып көрсету, қазақ халқы ойындарының бала ойының дамуындағы алатын орны мен халықтың тұрмыстық ерекшелігімен байланыстылығын көрсетілді. Ал «Сәлем –сөздің атасы» тақырыбы бойынша оқушылар халқымыздың үлкенді сыйлау, құрметтеу қасиеттерін меңгеру, амандасудың түрлерін білді, амандық сөзінің маңызын, халықаралық ынтымақтастықтағы амандасудың ролін, басқа ұлттардың амандасу салтымен таныстырылды. Сонымен қатар, оқушыларды киіз үйдің құрылысы мен құрал-жабдықтарымен, түрлерімен таныстырып, қолданатын ыдыс-аяқтарының ерекшеліктері мен түрлеріне тоқталып өттім. Оқушылар ою-өрнектердің мәнін, қолданылатын жерлерін және олардың суретін сала отырып, оя білуге үйренді. Ерекше көзге түскен оқушылар Кравченко А 6 сынып оқушысы, Сергеев Александр 7 сынып оқушысы, Сени Юлия, Федотов Антон 8 сынып оқушылары. Екінші тоқсанда қазақтың ауыз әдебиеті («Жұмбақтар». «Ертегілер».

«Өлеңдер») тақырыбы бойынша оқушылар қазақ халқының бай мұрасы ауыз әдебиетінің алғышарттарымен таныстырылды, оларға деген қызығушылығын оянып, есте сақтау қабілеті артты. Содан кейін қазақтың Наурыз кезінде қолданылатын салттарымен, Жаңа жыл мерекесін тойлау ерекшеліктері туралы түсінік берілді. Сондай-ақ 1-100 сандары аралығында қазақша санай алу, сандарды салыстыру және айыра білу сияқты санамақтармен жұмыс жасады. Мектеп ұйымдастырылған іс-шараларға белсенді ат салысып көрмелерге қатысып отырды. Үшінші тоқсанда қазақ халқының ойындары («Арқан тарту») тақырыбы бойынша халқымыздың «Арқан тарту» ойынының мәнін ашып, ойын ережелерін біліп, ұйымдастырушылық, бірлік, достық, адамгершілік қасиеттерін меңгерді. Сонымен қатар, қазақтың ұлттық аспабы, Домбыра туралы, Домбыраның жасалу ерекшелігі, құрылымы, қолданылу аясы, түрлері, домбыраға байланысты аңыз-әңгімелерді біліп, домбыраға деген қызығушылықтары артып, домбыра үнін ажырата білуге үйренді. Ал келесі тақырыбымыз «Халық ауыз әдебиеті», «Ертегі», «Қуыршақ театрының» қойылымы. Оқушылар ертегілерді тыңдай білуге, есте сақтау және шығармашылық қабілеттің шыңдауға, «Қуыршақ театры» арқылы кейіпкерлерді сомдай білуге, мемлекеттік тілді дұрыс қолдана білуге үйренді. Төртінші тоқсан аңшылық өнері («Атпен аң аулау». «Бүркіт салу») тақырыбы бойынша аңшылықтың қазақ халқының тұрмыс –тіршілігіндегі алатын орны, оған байланысты шыққан өлең-жырлармен, қазақ халқының мақал – мәтелдерімен танысты. Киіз үйдің бөлшектеріне түсінік берілді. Көне қалалармен таныстырып мағлұмат алды. Үйірмеден оқушылардың шығармашылық қабілеттері дамып, көркем эстетикалық көз-қарастары өсті деген ойдамын.

Үйірме жетекшісі: Шаймерденова С.Л

